

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылға арналған стипендиясын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 275 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 маусымда № 11294 тіркелді

«Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1134 қаулысының 4-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылға арналған стипендиясын министрліктер мен «Назарбаев Университеті» ДББҰ арасында б ө л у б е к і т і л с і н .

2. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Ж. Шаймарданов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты ресми жариялады;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты министрліктер мен «Назарбаев Университеті» ДББҰ назарына жеткізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Экономика және қаржы департаменті (Т. Нұрғожаева) көрсетілген стипендияны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап төлеуді жүзеге асырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Сәрінжіпов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғы л ым м и н и с т р і н і н
2 0 1 5 ж ыл ғы 4 м а м ыр д а ғы
№ 275 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылға арналған стипендиясын министрліктер мен «Назарбаев Университеті» ДББҰ арасында бөлу

№	Мемлекеттік орган, «Назарбаев Университеті» ДББҰ	Стипендия	
		студенттерге	магистранттарға
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	914	7
2	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	11	0
3	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	89	1
4	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	57	
5	«Назарбаев Университеті» ДББҰ	9	
ИТОГО		1080	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК